

# МАҚТААРАЛ

20 МАМЫР, ЖҰМА. 2022 ЖЫЛ  
№ 22 (9147)

E-mail: maqtaaral\_gazeti@mail.ru

Газет 1931 жылдың маусым айынан бастап шығады

## 2022 ЖЫЛЫ 5 МАУСЫМДА РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ ӨТЕДІ

5 МАУСЫМ  
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ  
РЕФЕРЕНДУМ

КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ өзгерістердің  
АЙҚЫН 10 көрінісі

Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
6-бап 3-т. 3. Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар мемлекет меншігінде болады.	3. Жер және оның қойнауы, су, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар <b>ХАЛЫҚҚА ТИЕСІЛІ</b> . Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады.
15-бап 2-т. 2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. <b>Өлім жазасы заңмен белгіленеді</b>	2. Ешкімнің өз бетінше адам өмірін қиюға хақысы жоқ. <b>ӨЛІМ ЖАЗАСЫНА ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.</b>
43-бап <i>Қолданыстағы редакцияда мұндай талаптар жоқ</i>	3. Қазақстан Республикасының <b>ПРЕЗИДЕНТІ</b> өз өкілеттігін жүзеге асыру кезеңінде <b>САЯСИ ПАРТИЯДА БОЛМАУҒА ТИІС</b> . 4. Қазақстан Республикасы <b>ПРЕЗИДЕНТІНІҢ ЖАҚЫН ТУЫСТАРЫНЫҢ</b> саяси мемлекеттік қызметшілер, квазимемлекеттік сектор субъектілері басшылары <b>ЛАУАЗЫМДАРЫН АТҚАРУҒА ҚҰҚЫҒЫ ЖОҚ</b> .
46-бап 4-т. 4. <b>Қазақстанның Тұңғыш Президентінің мәртебесі мен өкілеттігі Республика Конституциясымен және конституциялық заңмен айқындалады.</b>	4. <b>АЛЫНЫП ТАСТАЛСЫН</b>
50-бап 3-т. 3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен сайланатын <b>107</b> депутаттан тұрады.	3. Мәжіліс конституциялық заңда белгіленген тәртіппен аралас сайлау жүйесі бойынша: біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша бара-бар өкілдік жүйесі бойынша, сондай-ақ <b>БІР МАНДАТТЫ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ ОКРУГТЕРІ БОЙЫНША САЙЛАНАТЫН 98 ДЕПУТАТТАН</b> тұрады.

Қолданыстағы редакция	ЖАҢА редакция
VI бөлім Конституциялық кеңес	Конституциялық <b>СОТ</b>
72-бап <i>Қолданыстағы редакцияда мұндай мүмкіндіктер жоқ</i>	3. <b>КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ СОТ АЗАМАТТАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ</b> бойынша Конституцияда бекітілген, олардың құқықтары мен бостандықтарын тікелей қозғайтын Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Республика Конституциясына сәйкестігін қарайды.
83-1-бап <b>ЖАҢА</b> <i>Қолданыстағы редакцияда мұндай институт жоқ</i>	1. Қазақстан Республикасындағы <b>АДАМ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӨНІНДЕГІ УӘКІЛ</b> адамның және азаматтың бұзылған құқықтары мен бостандықтарын қалпына келтіруге жәрдемдеседі, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын ілгерілетуге ықпал етеді.
87-бап 4, 5-т. 4. Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың мәслихаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды.	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін қызметке тиісінше облыс аумағында орналасқан мәслихаттар депутаттарының немесе республикалық маңызы бар қалалар мен астана мәслихаттары депутаттарының келісімімен Республика Президенті тағайындайды. Республика Президенті <b>ДАУЫС БЕРУ ӨТКІЗІЛЕТІН КЕМІНДЕ ЕКІ КАНДИДАТУРА ҰСЫНАДЫ</b> . Дауыс беруге қатысқан мәслихаттар депутаттарының көп дауысын алған кандидат келісім алған болып есептеледі.
91-бап 2-т. 2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, сондай-ақ тәуелсіз Қазақстанның негізін салушы, <b>Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасы</b> іргесін қалаған Республика қызметінің түбегейлі принциптері және Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті — Елбасының мәртебесі өзгермейді.	2. Конституцияда белгіленген мемлекеттің тәуелсіздігі, Республиканың біртұтастығы мен аумақтық тұтастығы, оны басқару нысаны, Республика қызметінің түбегейлі принциптері өзгеріссіз болып табылады. <i>Осылайша, Елбасы және Тұңғыш Президент мәртебесі жаңа редакцияда толық алынып тасталады</i>

## МӘЖІЛІС ДЕПУТАТЫ ЖАСТАРМЕН КЕЗДЕСТІ

Жуырда ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Құдайберген Төлепұлы Ержан аудан жастарымен кездесті. Кездесуге «AMANAT» партиясы Мақтаарал аудандық филиалының атқарушы хатшысы Досым Асабаев, аудандық жастар орталығының төрағасы, мәслихат депутаты Сүндет Кенжебаев және бір топ жастар қатысты.



Жиын барысында «AMANAT» партиясы штабының мүшесі Құдайберген Төлепұлы былай деді: «Референдум - қоғам арасында қызу талқыланып, қолдау тауып отыр. Конституцияны бүкілхалықтық дауыс беру арқылы өзгерту халықтың еркін білдіруінің айқын көрінісі болып табылады. Соңғы Жолдауында Президент саяси реформаларды жариялап, билік институттары арасындағы конституциялық құрылымды жетілдіруге мүдделі екенін танытты. Өзгеріс аз емес, соның бірі - Қазақстан суперпрезиденттік басқару формасынан қуатты Парламенті бар президенттік республикаға ауысады. Парламент палаталарының рөлі күшейіп, мәртебесі артады. Мәжілісті қалыптастырудың аралас моделі енеді, Парламенттің бақылау функциялары кеңейеді, заңнамалық рәсімдер оңтайланады. Реформалардан соң халық ел басқаруға қатыса алады. Бір мандатты округтер бойынша Мәжіліс депутаттары сайланады, мәслихаттар депутаттарының келісімімен баламалы негізде облыс әкімдерін тағайындау кеңейеді. Осынша өзгеріс елде демократиялық процестерді жетілдіріп, «биліктің көзі - халық» деген принципті жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Яғни, қоғам өз өкілдері арқылы маңызды шешімдерге араласады. Реформаларды заңмен бекіту үшін бізге референдум қажет. Себебі бұл тек Президент не Парламент шешетін мәселе емес, бұл - бүкілхалықтың міндеті».

Кездесу кезінде жастар «AMANAT» партиясы штабының мүшесі Құдайберген Төлепұлына осы референдумға байланысты өздерін қызықтырған сауалдарын қойды.

Осы аптада Атакент кентінің тұрғындарына да референдум бойынша ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жиынға «AMANAT» партиясы Республикалық штабының мүшесі, ҚР Парламент Мәжілісінің депутаты Ержан Құдайберген Төлепұлы және аудандық партия филиалының атқарушы хатшысы, аудандық штабтың төрағасы Асабаев Досым Тұрғанбайұлы мен штаб мүшелері қатысты.

Жиын барысында халық қалаулысы Құдайберген Төлепұлы кент тұрғындарына Ата Заңға енгізілетін өзгерістерді түсіндіріп, референдумға қатысудың маңыздылығын айтты. Кездесуде Мәжіліс депутатына кент тұрғындары тарапынан референдум бойынша сұрақтар қойылып, ұсыныстар айтылды. Кент тұрғындары Ата Заңға енгізілетін өзгерістер бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізген Мәжіліс депутатына ризашылықтарын білдірді.

Осындай кездесулер Ж.Нұрлыбаев, А.Қалыбеков сондай-ақ, т.б. ауылдық округтерде жалғасын тапты.

Өз тілшімізден.

## “МАҚТААРАЛ” ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛДЫҢЫЗ БА?

Қадірлі оқырман!

Баспасөз – қоғам дамуының қозғаушы күші әрі қуатты құралы болып табылады. Мақтаарал ауданы өкімдігінің құрылтайшылығымен шығып жатқан “МАҚТААРАЛ” газеті қайта құрылған қарашаңырақ Мақтаарал ауданының үні, айнасы болып табылады. Аудан газетіне жазылуды ұмытпаңыздар.

“Мақтаарал” газетіне **2022 жылдың екінші жарты жылдығына 6 айға жазылу** – “Қазпошта” арқылы – **2222, 40 теңге**, “ERNUR-press” ЖШС арқылы – **2280 теңге**, Мырзакент, Атакенттегі ұжым, мекемелер редакцияға келіп, тікелей жазылуларына болады. Бағасы арзан – **1800 теңге**.

Газет индексі: 66767.



Баспасөз – 2022

# РЕСПУБЛИКАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУ - АЗАМАТТЫҚ БОРЫШ

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет Басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев ағымдағы жылдың 5 маусымында Ата Заңымызға енгізілетін өзгерістер мен толықтыруларды қабылдау бойынша бүкілхалықтық Референдум өткізуді белгіледі.

Бұл Референдум - халық билігінің айқын үлгісі, әрбір қазақстандықтың өз азаматтық ұстанымын білдіру арқылы Жаңа Қазақстанды құруға тікелей үлес қосуының жарқын көрінісі. Мемлекет Басшысының Жаңа Қазақстанды, Екінші Республика құру идеясының Референдум өткізуден бастау алуы өте қуанышты жағдай әрі тарихи оқиға. Өйткені бұл 27 жылдан кейін өткізіліп отырған екінші Референдум. Бұған дейінгі Конституцияға өзгерістер Парламентте талқыланып, енгізіліп келген. Өткізілгені отырған Референдумның тарихи мән-маңызы ол тұтастай ұлттың тағдырына қатысты мәселелерді халықтың талқысына шығару, оның мемлекеттік билікке тікелей қатысуын қамтамасыз ете отырып, демократия негіздерін орнықтыру болып табылады.

Бүгінде облыста Ел Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Референдум өткізу жөніндегі баршамыздың алдымызға қойып отырған міндетін жүзеге асыру мақсатында «Қазақстан мәслихаттары депутаттарының бірлестігі» республикалық қоғамдық бірлестігінің бастамасымен Қоғамдық штаб құрылып, оған төрағалық ету маған жүктелді. Аталған қоғамдық штабқа үкіметтік емес ұйымдар, зиялы қауым, бұқаралық ақпарат құралдары және саяси партиялар («Аманат», «Ақжол», «Ауыл») өкілдері, қоғам қайраткерлері, жас мамандар, облыстық мәслихаттың депутаттары, мемлекеттік органдардың өкілдері, жоғары оқу орындарының ректорлары, этно-мәдени бірлестіктердің және білім саласының өкілдері, блогерлер енгізілді. Барлығы 58 адам. Осы орайда, облыстық қоғамдық штаб төрағасы ретінде Конституцияға енгізілетін өзгерістер туралы түсіндіріп өтуді жөн санап отырмын. Айта кетейін, Түркістан өңірінде 914 сайлау учаскесі, 1 млн 163 мың сайлаушы бар. Сайлаушыларға Конституциялық реформалар туралы түсіндіру Штаб жұмысының негізгі бағыты болып табылады.

Қазіргі Ата Заңымызда 98 бап бар. Референдумда соның 33 бабына түзетулер енгізіледі. Бұл Конституцияның 3/1 бөлігі өзгереді деген сөз. Конституциялық реформа негізінен барлық мемлекеттік модельді кешенді түрде өзгертуге бағытталған. Бұл жөнінде Президент қазақстандықтарға арнаған Жолдауында: «Түзетулер «суперпрезиденттік» басқару үлгісінен ықпалды Парламентті және есеп беретін Үкіметі бар Президенттік республикаға түбегейлі көшуді көздейді», - деген болатын. Мемлекет басшысының айтуынша, Конституциялық реформа биліктің өкілді тармағын айтарлықтай күшейтеді. Үйлесімді және теңгерімді жүйені нығайтады. Парламенттің және барлық деңгейдегі мәслихаттардың ықпалын арттырады. Сонымен қатар, халықтың ел басқару ісіне араласуы кеңейтіліп, азаматтардың құқық қорғау тетіктері күшейтілетін болады. Нәтижесінде билік тармақтары арасындағы өзара қарым-қатынастардың оңтайлы балансы қалыптастырылып, мемлекетпен қоғамның арасында тиімді диалог орнатылады. Осы тұста, суперпрезиденттік басқарудан түбегейлі бас тартып

президенттік республика моделіне өту мақсатында келесі өзгерістерді енгізу, яғни Қазақстан Республикасының Президенті өз өкілеттілігі кезеңінде саяси партияға мүше болмау, Президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызмет атқаруға, квазимемлекеттік сектор субъектілерінде басшы болуға құқығын алып тастау, Тұңғыш Президенттің президенттік лауазымға шексіз ұсынылу құқығын алып тастау, Тұңғыш Президенттің өкілеттілігіне қатысты барлық норманы алып тастау, Тұңғыш Президенттің өзгеріссіз қалған Тәуелсіз Қазақстанның негізін қалаушы деген мәртебесін алып тастау (Конституцияда «Елбасы» және «Тұңғыш Президент» термині жоқ), Президенттің облыстар, республикалық маңызы бар қалалар және астана әкімдері актілерінің күшін жою не қолданылуын толық немесе ішінара тоқтата тұру жөніндегі өкілеттіктерін алып тастау және Президенттің Сенаттың 15 депутатын емес, 10 депутатын тағайындау, ал оның 5-еуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындау, Президент облыстары, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін өңір(қала) мәслихаттарының барлық депутаттарының келісімін ала отырып баламалы негізде(кемінде екі кандидатура ұсыну арқылы) тағайындау, Президенттің аудан, қала, ауылдық округ әкімдерін қызметтен босату жөніндегі өкілеттігін алып тастау көзделуде.

Сондай-ақ, биліктің бірқатар өкілеттілігін қайта бөлу бойынша Президент облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың әкімдерін өңір(қала) мәслихаттарының барлық депутаттарының келісімін ала отырып баламалы негізде(кемінде екі кандидатура ұсыну арқылы) және Конституциялық Сот төрағасын, Жоғары Сот Кеңесі Төрағасын Президент Парламент Сенатының келісімі бойынша тағайындайды.

«Мемлекеттік хатшы» институты «Мемлекеттік кеңесші» институты болып қайта құрылады, ол ішкі саясат мәселесі бойынша ұсыныстармен ұсынымдар береді.

Ал, Парламенттің рөлімен мәртебесіне тоқталсақ, Мәжіліс бұрын заң жобаларын қарайтын және мақұлдайтын болса, енді заңдарды қабылдайтын болады. Оның құрамы енді 107 депутаттан емес, 98 депутаттан жасақталады. Қазақстан Халқы Ассамблеясының Мәжілістеі квотасы жоюылады. Сенат бұрын заң қабылдаса, енді заңдарды мақұлдайды немесе мақұлдамайды. Мәжіліс депутаттары аралас сайлау жүйесі негізінде жасақталады: оның біріншісі, біртұтас жалпыұлттық сайлау округінің аумағы бойынша пропорционалды өкілдік жүйесімен, екіншісі бірмандатты аумақтық сайлау округтері бойынша сайланады. Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитеті Жоғары аудиторлық палата болып қайта құрылады. Жоғары аудиторлық палатаның төрағасы Мәжілісте жылына екі рет есеп береді. Сайлаушылардың бір мандатты аумақтық сайлау округі бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарының мандатын кері қайтарып алу мүмкіндігі пайда болады.

Президент Сенаттың 15 депутатын емес, 10 депутатын тағайындайды. Ал оның 5-еуі Қазақстан халқы Ассамблеясының ұсынысы бойынша тағайындалады.

Конституциялық заңдар Парламент Палаталарының бірлескен отырысында, кемінде екі оқылымда қабылданады.

Халықтың өмірі мен денсаулығына, конституциялық құрылысқа, қоғамдық тәртіпті қорғауға, елдің экономикалық қауіпсіздігіне қатер төндіретін жағдайларға жеделден қою мақсатында Республика Үкіметінің заң шығару бастамасы тәртібімен енгізілген заң жобалары Палаталардың бірлескен отырысында Парламенттің дереу қарауына жатады. Аталған заң жобалары қаралып жатқанда республика Үкіметі заң күші бар уақытша нормативтік құқықтық актілер қабылдауға құқылы.

Халықтың ел басқару ісіне араласуын кеңейту мақсатында Жер және оның қойнауы, су көздері, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі, басқа да табиғи ресурстар халыққа тиесілі. Халық атынан меншік құқығын мемлекет жүзеге асырады. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл туралы заңға конституциялық мәртебе және оған Конституциялық кепілдіктер беріледі. Адам құқықтары жөніндегі уәкіл Конституциялық сотқа жүгінуге құқылы. Қылмыстық немесе әкімшілік құқық бұзушылық жасауға кінәлі деп танылған сот актісінің негізінде ғана мәжбүрлі еңбекке жол беріледі. Сондай-ақ, өлім жазасына тыйым салынады.

Жалпы, бұл өзгерістер халықтың көп жылғы талап-тілектерінен туындап отырғаны анық. Өз кезегінде, бұл реформалар халқымызға мемлекетті басқару ісінде кең мүмкіндіктерге ие болуға жол ашып отыр. Сондықтан еліміз үшін тағдыр шешімдер қабылданып жатқан шақта Мемлекет Басшысы баршамыздың алдымызға қойып отырған міндеттерді абыроймен атқарып, Жаңа Қазақстанымыздың, Екінші Республикамыздың негізін қалауға, Ата Заңымызға өзгерістер енгізу арқылы мемлекеттілігіміздің моделін кешенді трансформациялауға аянбай атсалысайық! Жаңа Қазақстанды бірге өркендетейік!

Қ.БАЛАБИЕВ,

Референдумға қолдау көрсету мақсатында құрылған Түркістан облыстық Қоғамдық штаб төрағасы, облыстық мәслихат хатшысы.

## ■ ЖАҒЫМДЫ ЖАҢАЛЫҚ

# "СВЕТОФОР" ТӨМЕН БАҒАЛАР ДҮКЕНІ АШЫЛДЫ

9 мамыр - Жеңіс күні қарсаңында Мақтаарал ауданындағы Атакент кентінде "Светофор" төмен бағалар дүкені ашылды. Нысанның ашылу салтанатына аудан әкімінің орынбасары Бейсенбай Төребеков қатысып, әлемдік тәжірибесі бар төмен бағалар дүкенінің ауданымыздан ашылуын зор қуанышпен қабылдағанын жеткізді.

"Кәсіпкерлік нысандарын тексеруге мораторий жариялау, кей жағдайларда салықтан босату, аз пайызбен несиелеу, субсидиялау сияқты жеңілдіктер - біздің елімізде кәсіпкерлік жасауға өте қолайлы екенін көрсетеді. Сіздерді ауданымызда алғаш рет ашылып отырған "Светофор" төмен бағалар дүкенінің ашылуымен құттықтаймын. Әлемдік тәжірибесі бар мұндай брендтің Атакент кентіне келуі тұрғындар үшін өте маңызды. Себебі, "Светофор" дүкені ауданымыздағы басқа да дүкендер мен супермаркеттердің арасында өзара бәсекелестік қалыптастырып, азық-түлік бағаларының төмен болуына оң септігін тигізеді" - деді Бейсенбай Тасболатұлы.

Елімізде "Светофор" сауда маркасымен 30-дан астам дүкендер жұмыс істейді. Олар ірі мегаполистер мен барлық облыс орталықтарында, басқа да ірі қалаларда бар. Сонымен қатар, бұл ресейлік бренд Еуропаның бірнеше мемлекеттерінде өз желілерін құрып, тауар бағаларының төмен болуымен ерекшеленіп келеді. Дүкен мыңға жуық азық-түлік және азық-түліктік емес тауарлар ассортиментін нарықтағы бағадан 30-40%-ға дейін төмен бағамен сатады.

Айта кетейік, дүкеннің тағы бір ерекшелігі - кез келген өңірдегі қаңырап бос тұрған ғимараттарды қалыпқа келтіру арқылы пайдаланады. Атакент кентінде жаңадан ашылған сауда дүкенінде 12 адам тұрақты жұмыс орнымен қамтылып отыр.

Мақтаарал ауданы әкімінің баспасөз қызметі.

## Құттықтаймыз!

# Марапатқа ие болды

Жақында Ұлы Жеңістің 77 жылдығына орай аудандық ішкі істер бөлімі басшылығы өз қызметкерлерін мерекемен құттықтап, марапаттар тапсырды. Сол жиында көп жылдар бойы ішкі істер саласында абыройлы қызмет атқарған, осы саланың құрметті зейнеткері Тажимурат Сапаров та Алғыс хатпен марапатталды. Алғыс хатты аудандық полиция бөлімі басшысының міндетін уақытша атқарушы, полиция подполковнигі Қасымхан Сатыбалдиев тапсырды.

1990-1993 жылдары Жетісай ауданында учаскелік полиция инспекторы, 1993-1995 жылдары Мақтаарал ауданы ішкі істер бөлімінде экономикалық қылмыспен күрес бөлімінде шұғыл уәкіл. 1996-1999 жылдары учаскелік полиция инспекторы, 2000-2001 жылы әкімшілік полиция қызмет басшысы болды. 2002-2008 жылдары қайта учаскелік полиция инспекторы болып сол жерден зейнеткерлікке шықты. Қызметтік шені - майор. ОҚО. Адвокаттар алқасының адвокаты, қазіргі кезде Шымкент қаласы адвокатура саласында жеке дара адвокат болып абыройлы қызмет атқарып келеді.

Тажимурат Тәжібайұлына марапатыңыз құтты болсын дейміз.

Жалғас АДЫРБЕКОВ.



# КОНСТИТУЦИЯЛЫҚ РЕФОРМА – МАҢЫЗДЫ ШАРА

## ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОРТАЛЫҚ РЕФЕРЕНДУМ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҮНДЕУІ

### ҚҰРМЕТТІ РЕФЕРЕНДУМҒА ҚАТЫСУШЫ!

Егер Сіз дауыс беру күні 18 жасқа толған және белсенді сайлау құқығына ие Қазақстан Республикасының азаматы болсаңыз, Сіздің 2022 жылғы 5 маусымға тағайындалған Қазақстан Республикасының Конституциясына түзетулер бойынша республикалық референдумға қатысуыңызға құқықтық негіз бар.

■ Сіздің республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтардың тізімдеріне енгізілуіңіз референдумға қатысу конституциялық құқығыңыздың іске асырылу кепілі болып табылады.

■ Жергілікті атқарушы органдар (әкімдіктер) тізімдерді Сіздің дауыс беруге арналған нақты учаскенің аумағындағы тұрғылықты жеріңіз бойынша тұрақты тіркелуіңіздің негізінде жасайды. Уақытша тіркелген азаматтар тізімдерге берілген өтініш негізінде енгізіледі.

■ Дауыс беруге арналған учаскелер тиісті әкімдердің шешімдерімен құрылады, олардың шекаралары бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. Өз учаскеніңді біліп, тізімге енгізілгеніңізді Сіз жергілікті атқарушы органға хабарласып, тексере аласыз. Тізімде болмаған жағдайда, Сіз әкімдікке тиісті өтініш беруге құқылысыз.

■ 2022 жылғы 20 мамырдан бастап өз учаскеніңде Сізге республикалық референдумға қатысу құқығы бар азаматтар тізіміндегі өзіңіз туралы деректерді тексеру мүмкіндігі беріледі. Қандай да бір өзгерістер енгізу қажет болса, Сіз дереу учаскелік референдум комиссиясына жүгіне аласыз.

**Баршаңызды азаматтық жауапкершілік танытуға және республикалық референдумға қатысу құқығыңызды іске асыруға шақырамыз!**

## ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН ЖАСАЛҒАН ИГІ ҚАДАМ



Қазақстан халқы Ассамблеясының «Ел бірлігі – жаңарған Қазақстанның тірегі» атты XXXI сессиясында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ағымдағы жылдың 5 маусымында Ата заңға өзгерістер мен толықтыруларды енгізу бойынша республикалық референдум өткізуді ұсынғаны өздеріңізге белгілі. Соңғы рет референдум 1995 жылы өткізілген еді.

«Конституцияның жаңарған нұсқасында Президенттің барлық саяси күштер мен партиялардың дербестігін бекіту көзделген. Мемлекет басшысының жақын туыстарына саяси лауазым иеленуге және квазимемлекеттік секторда басшылық

қызмет етуге тыйым салынады. Алдағы референдум Қазақстанның болашағын айқындайды. Әрбір азаматымыз дауыс беріп, осы тарихи бетбұрысқа өз үлесін қоса алады» деп атап өтті Қ.Тоқаев.

Бұл, әрине, елдің ғана емес, келешек ұрпақтың тағдырына тікелей әсер ететін маңызды қадам. Мемлекет басшысы қабылдаған бұл шешім бүкілхалықтық дауыс беру арқылы халықтың еркіндігі мен бостандығынан хабар беретін ең әділ үрдіс. Референдумға қатысып, Жаңа Қазақстан құруда баршаңызды үлес қосуға шақырамын.

**Жанат ЖҮНИСБЕКОВА,**  
құқықтану магистры, “ОҚО талдау және болжау орталығы”  
қоғамдық бірлестігінің сарапшысы.

## ДЕМОКРАТИЯҒА БАСТАЙТЫН АЙҚЫН ЖОЛ

Президенттің референдум өткізу туралы жариялауы мемлекеттік, әлеуметтік маңызы бар мәселелерді қабылдауға қатысу құқығы бар халыққа берілетін жаңа саяси бағытқа баса назар аударады. Жүргізіліп жатқан конституциялық реформа халық биліктің бірден-бір қайнар көзі және адам, оның құқықтары мен бостандықтары мемлекеттің ең жоғары құндылығы саналатын «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасы аясында ұстанған бағыттың беріктігін тағы да анықтады.

Шартты түрде түзетулерді үш топқа бөлуге болады. Түзетулердің бірінші тобы Президенттің өкілеттіктерін шектеуге байланысты, екінші топ Парламентті күшейтумен, Парламенттің жұмыс істеу тәртібін өзгертумен, заңдарды қабылдау тәртібін және есеп беретін Үкіметтің өзгеруімен

байланысты. Ал үшінші топ демократиялық институттарды енгізу, қоғамды демократияландыру және адамның негізгі құқықтарын қорғаумен байланысты болып отыр. Бұл саяси өзгерістер мен реформалар мемлекеттік басқарудың жаңа моделін құруға бағытталған. Онда билікті орталықсыздандыру демократиялық қағидаттары, жаңа аралас сайлау жүйесі арқылы мажоритарлық жүйе бойынша сайланған Мәжіліс депутаттарын кері шақырып алу құқығы, Конституциялық сотқа және Қазақстан Республикасындағы Адам құқықтары жөніндегі уәкілге жүгіну құқығы бар халыққа елеулі рөл берілген.

**Алданияз ЖОЛДАСОВ,**  
Мақтаарал аудандық мәслихатының депутаты,  
Білім және ғылым қызметкерлері кәсіподағы Мақтаарал аудандық  
комитетінің төрағасы.

ҚР Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев елдің саяси жаңғыруы туралы шешімді қабылдауды халықтың өз қарауына қалдыруды жөн көрді. Оның биыл ұсынған реформалары референдумда халықтың дауыс беруі арқылы қабылданатын конституциялық өзгерістерде көрініс таппақ.

## ЕЛ ТАРИХЫНДАҒЫ ЖАҢА БЕЛЕС



5 маусымда Қазақстанда бүкілхалықтық референдум өтеді. Референдумға шығарылатын мәселе – Конституция нормаларына енгізілетін өзгерістер. Қазақстандықтар Жаңа Қазақстанның Негізгі Заңын өздері қабылдау арқылы мемлекеттің қоғамдық-саяси жүйесінің түпкілікті өзгеріп, билік пен азаматтар арасында жаңа, ашық, демократиялы қарым-қатынастың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Облыстар мен республикалық маңызы бар қалалардағы мәслихаттар сайлауына аралас сайлау жүйесі енгізіледі. Жаңа жүйе түрлі көзқарастағы азаматтардың Мәжіліске келуіне мүмкіндік береді. Бұдан былай мажоритарлық жүйе

бойынша әрбір аймақ Парламенттің төменгі палатасына өзінің кемінде бір депутатын сайлай алады. Сондай-ақ, аудандар мен қалалардағы сайлау толығымен мажоритарлық жүйеге көшіріледі. Бұл жұрт алдында беделі бар жаңа тұлғалардың саясатқа келуіне жол ашады. Осылайша, халықтың мемлекетті басқару ісіне араласу мүмкіндігі кеңейеді.

**Айжамал ЖАДИГЕРОВА,**  
заң ғылымдарының магистры, адвокат.

## ӨРКЕНДЕУ ӨЗЕГІ – ӨЗГЕРІС

Жаңартылған Конституция қабылданғаннан кейін Мәжілісті жасақтаудың 70/30 қатынасындағы аралас сайлау жүйесі енгізіледі. Яғни, Мәжіліс депутаттығына азаматтар партиялық тізім бойынша ғана емес, өзін-өзі ұсынуы арқылы да сайлана алады. Облыстық мәслихаттардың депутаттары да 50/50 қатынасында сайланады, сондай-ақ қалалық және аудандық мәслихаттарды сайлаудың мажоритарлық жүйесіне көшу жүзеге асады. Бұл азаматтардың Мәжіліс пен мәслихаттарды жасақтауға тікелей қатысуын арттырады.

Қазір партияда жоқ азаматтар Мәжіліске ғана емес, жергілікті өкілді органдарға да сайлана алмайды. Соның салдарынан халықтың сайлау науқанына қызығушылығы төмендеп, олар өз даусының маңызды екеніне, ел

өмірін жақсартуға ықпал ете алатынына сенбеді. Сонымен қатар сайлау алдында берген уәдесін орындамаған депутатты кері қайтару тетігі енгізіледі.

Билік пен саясатқа тікелей араласып, елдің тыныс-тіршілігін жақсартуға өз үлесін қосуды мақсат ететін әр азамат референдумда өз ұстанымын білдіре алады.

**Асқат ЕСЕНАЛИЕВ,**  
з.ғ.к., доцент, Ұлттық заң ғылымдары академиясының академигі.



Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес, Мақтаарал ауданының әкімі Бақыт Насырханұлы Асановтың 2022 жылы маусым айында өтетін халықпен кездесулері мен жеке қабылдауларды өткізу

КЕСТЕСІ

№	Кенттер мен ауылдық округтерінің атауы	Өтетін күні, уақыты	Өтетін орны	Жеке қабылдау өтетін күні, уақыты
1	Атакент кенті	07.06.2022 ж. сағ.16.00-17.00	Атакент кенті әкімі аппаратының ғимараты	07.06.2022 ж. сағ.17.00-17.30
2	Жамбыл ауылдық округі	08.06.2022 ж. сағ.16.00-17.00	Жамбыл ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	08.06.2022 ж. сағ.17.00-17.30
3	Мақтарал ауылдық округі	09.06.2022 ж. сағ.16.00-17.00	М.Тоқжігітов атындағы ЖОМ-ның ғимараты	09.06.2022 ж. сағ.17.00-17.30
4	Бірлік ауылдық округі	10.06.2022 ж. сағ.16.00-17.00	И.Панфилов атындағы ЖОМ-ның ғимараты	10.06.2022 ж. сағ.17.00-17.30

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес, Мақтаарал ауданының әкімі Бақыт Насырханұлы Асановтың 2022 жылы өтетін халықпен кездесулері мен жеке қабылдаулары кезінде тұрғындардан жазбаша түсетін ұсыныс, ескерту, ой-пікірлерді жинақтау үшін арнайы орнатылатын жәшіктердің орны мен электронды мекен-жайларының

3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес, Мақтаарал ауданының әкімі Бақыт Насырханұлы Асановтың 2022 жылы өтетін халықпен кездесулері мен жеке қабылдаулары кезінде тұрғындардан жазбаша түсетін ұсыныс, ескерту, ой-пікірлерді жинақтау үшін арнайы орнатылатын жәшіктердің орны мен электронды мекен-жайларының

КЕСТЕСІ

№	Әкімшілік-аумақтық бірліктің атауы	Жәшік орнатылған орны	Әлеуметтік желі және электронды пошта мекен жайлары
1	Достық ауылдық округі	Достық ауылдық округі, Достық ауылы, Айкенжеев көшесі №32В үй, округ әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru
2	А.Қалыбеков ауылдық округі	А.Қалыбеков ауылдық округі, Үлгілі ауылы, Орда көшесі н/з үй, округ әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru
3	Мырзакент кенті	Мырзакент кенті, Мадиходжаев көшесі №28 үй, Оқу өндірістік комбинаты, кент әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru
4	Еңбекші ауылдық округі	Еңбекші ауылдық округі, Жайлыбаев ауылы, Желтоқсан көшесі №30 үй, округ әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru
5	Жаңажол ауылдық округі	Жаңажол ауылдық округі, Ақжол ауылы, Қазыбек би көшесі №42 үй, округ әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru
6	Иіржар ауылдық округі	Иіржар ауылдық округі, Иіржар ауылы, Тәуелсіздік көшесі №2 үй, округ әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru
7	Нұрлыбаев ауылдық округі	Нұрлыбаев ауылдық округі, Ынталы ауылы, 1-мамыр көшесі №40 үй, округ әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru
8	Атакент кенті	Атакент кенті, Көпжасаров көшесі №30 үй, кент әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru
9	Бірлік ауылдық округі	Бірлік ауылдық округі Пернебаев ауылы, М.Қалмұратұлы №17 үй, округ әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru
10	Жамбыл ауылдық округі	Жамбыл ауылдық округі, Кеңесшіл ауылы, Байжігітов көшесі №1Б үй, округ әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru
11	Мақтарал ауылдық округі	Мақтарал ауылдық округі, Бекжанов көшесі №2 үй округ әкімі аппаратының ғимараты;	maktaaral.gov.kz www.facebook.com/maktaralbaspasoz/ maqtaaral_audany@mail.ru

Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» Жарлығына сәйкес, Мақтаарал ауданының кенттер мен ауылдық округтері әкімдерінің 2022 жылы маусым айында өтетін халықпен кездесулерімен жеке қабылдауларды өткізу

КЕСТЕСІ

№	Елді мекен атауы	Өтетін күні, уақыты	Өтетін орны	Жеке қабылдау өтетін күні, уақыты
<b>А.Қалыбеков ауылдық округі</b>				
1	Үлгілі елді мекені	01.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	01.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
2	Жаңажол елді мекені	02.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	А.Қалыбеков ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	02.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
<b>Достық ауылдық округі</b>				
1	Хайдар елді мекені	01.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	С.Айни ат ЖОМ-ның ғимараты	01.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
2	Гүлістан елді мекені	02.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	М.Тұрсын-Заде ат ЖОМ-ның ғимараты	02.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
<b>Ж.Нұрлыбаев ауылдық округі</b>				
1	Өркен елді мекені	01.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	А.Тұяқбаев ат ЖОМ-ның ғимараты	01.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
2	Ынталы елді мекені	02.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	Ы.Алтынсарин ат ЖОМ-ның ғимараты	02.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
<b>Жаңажол ауылдық округі</b>				
1	Фердауси елді мекені	01.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	Қ.Аманжолов ат №22 ЖОМ-ның ғимараты	01.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
2	Арай, Достық елді мекендері	02.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	С.Датұлы ат №23 ЖОМ	02.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
<b>Еңбекші ауылдық округі</b>				
1	Т.Жайлыбаев елді мекені	01.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	Х.Доспанов ат ЖОМ-ның ғимараты	01.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
<b>Иіржар ауылдық округі</b>				
1	Алаш, Шапағат елді мекендері	01.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	Жас алаш ЖОМ-ның ғимараты	01.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
2	Мақтажан елді мекені	02.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	Мақтажан ЖОМ-ның ғимараты	02.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
<b>Бірлік ауылдық округі</b>				
1	Қ.Пернебаев елді мекені	16.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	Бірлік ЖОМ-ның ғимараты	16.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
2	Өркениет елді мекені	17.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	Бірлік ауылдық округі әкімі аппаратының ғимараты	17.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
<b>Жамбыл ауылдық округі</b>				
1	Көкпарсай елді мекені	16.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	С.Мұқанов ат №40 ЖОМ-ның ғимараты	16.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
<b>Мақтарал ауылдық округі</b>				
1	ҚазССР-40 жылдығы елді мекені	14.06.2022ж сағ. 11.00-12.30	А.Навои ат ЖОМ-ның ғимараты	14.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
2	Ел қоныс елді мекені	15.06.2022ж сағ. 11.00-12.30	А.Навои ат ЖОМ-ның ғимараты	15.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
3	Амангелді елді мекені	16.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	А.Навои ат ЖОМ-ның ғимараты	16.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00
4	Ақ алтын елді мекені	17.06.2022 ж. сағ. 11.00-12.30	Мақтарал ауылдық округі әкімі	17.06.2022 ж. сағ. 12.30-13.00

## ТІЛ БІЛІМІНІҢ АТАСЫ

Жақында мен "Нұрлы жол" ЖОМ-ның кітапханашысы Гүлзира Билисовамен бірлесе отырып, "Нұрлы жол" ЖОМ-ның кітапханасында 8-9 сынып оқушыларының қатысуымен «Бір ел - бір кітап» жобасы аясында ақын, әдебиет зерттеуші ғалым, түркітанушы, публицист Ахмет Байтұрсынұлының туғанына 150 жыл толуына орай "Қазақтың тіл білімінің атасы" атты әдеби кеш өткіздік.



Рухани шараның мақсаты: жас ұрпақты еліміздің тәуелсіздігі мен егемендігі үшін күрескен, Алаштың ардақтысы Ахмет Байтұрсынұлының өмірі мен шығармаларын оқып біліуге баулу, сол замандағы және бүгінгі таңдағы саяси-қоғамдық жағдайды танып, өзіндік ойларын қалыптастыру болды.

Осы іс-шара барысында кітапханашы Гүлзира Билисова мен бүгінгі тақырып бойынша баяндамаларымызды оқып берген соң, Гүлнұр Оңалова қоғам қайраткері А.Байтұрсынұлының өмірі мен шығармашылығымен таныстырып өтсе, оқушылар Әсел Лесбай, Маржан Маман, Ұлжалғас Жақсылық оның өлеңдерін оқып берді.

Алдағы уақытта да кітапханамызда оқушыларды отансүйгіштікке баулитын осындай рухани іс-шаралар тұрақты түрде өткізіліп тұратын болады.

Күлзада МАХИДОВА,  
Ақжол ауылы филиал №4 кітапхананың кітапханашысы.

## САРЫП- (БРУЦЕЛЛЕЗ) АУРУЫ

Сарып (бруцеллез) – жануарлармен адамдарға ортақ өте ауыр жұқпалы ауру. Бұл аурумен барлық ауыл шаруашылығы және үй жануарлары ауырады. Сарып көбіне ауру малдың сүтін қайнатпай ішуде, етін дұрыс пісірмей жегеннен жұғады.

Сарыптан сақтану үшін бруцеллезге шалдыққан малыңызды шұғыл түрде арнайы мал соятын тиісті орынға өткізіңіз. Себебі сарып ауруымен ауырған мал емделмейді. Жануарлардың саулығы мен адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдерімен шикізатты алып қоймай міндетті залалсыздандыру (зарарсыздандыру) және қайта өңдеу кезінде орташа айлық нарқтық құнын өтеу жануарлардың бір басы және жануарлардан алынатын өнімдермен шикізаттың бір килограммы (литр ондық) есебімен орташа айлық нарқтық құнының 30%-ы мөлшерінде жергілікті бюджет есебінен жүзеге асырылады, ал орташа айлық нарқтық құнының қалған бөлігін (70%) жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты қайта өңдеу жөніндегі ұйым төлейді.

Ауруды анықтаудың ең тиімді жолы ауыл шаруашылығы жануарларының барлық түрлерінен, жыл сайын елді мекендерге бекітілген жергілікті жердегі мал дәрігеріне, ауыл шаруашылығы жануарларынан қан алдырып барлық жеке және заңды тұлғалар қолдағы малдарынан қан сынамаларын өткізіп отыруы, әсіресе жаңадан сатып алынған (өкелінген) малды жергілікті өкімдікке тіркетуі, қанын міндетті тексертулері тиіс. Ауру мал тұрған қора, алаң, аула көңнен тазартылып, концентрациясы жоғары ертінділерімен залалсыздандыру жұмыстары жүргізіледі.

О.ТУЗЕЛОВ,  
ҚР АШМ ВБЖҚ-нің Мақтаарал аудандық аумақтық инспекциясының бас-маманы.

## ДЕПУТАТТЫҚ САУАЛ



2021 жылдың 21 желтоқсанында бір топ депутаттар менің бастамашылығымен Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары Р.В.Склярдың атына көктемгі егін егу жұмыстарына дайындыққа қатысты депутаттық сауал жолдағанбыз.

Депутаттық сауалда келесідей мәселелерді көтердік:

"Көктемнің бір күні – жылға азық деген сөз бекер емес. Оны, өз қолымен дән сеуіп еңбек етпеген адам қайдан білсін. Олай деуге негіз бары сөзсіз.

Олар мынадай мәселелер:

-РБ-дан ҚДЖ жүргізуге бөлінетін бюджеттік ресурстар қаражатының жеткіліксіздігі. «Атамекен» ҰКП деректеріне сәйкес ҚДЖ қаржыландыруға кемінде 800 млрд. теңге қажет. Өздеріңізге белгілі, қазіргі таңда, қажетті қаржыландыру көлемі 100 млрд. теңге, яғни 15% құрайды.

-бүгінгі күні ҚДЖ қаржыландыру наурыз-мамыр кезеңінде басталады. Табиғи-климаттық жағдайларды ескере отырып, оңтүстік өңірлердегі фермерлерге ҚДЖ жүргізуге қаражат желтоқсан-қаңтар айларында қажет. Кеш қаржыландыру агротехникалық іс-шараларды жүргізуге және тиісінше, фермерлер еңбегінің өнімділігі мен табысына теріс әсер етеді.

-жанар-жағар май мәселесі шешімін дер кезінде таппайды. Бағасы шарықтап, диқандар алыпсатар саудагерге жем болады. Мысалы, (2021 жылдың көктемінде) жанар-жағар майдың бағасы 300 теңгеге дейін жетті, ал тыңайтқыштардың бағасы, селитра – 180 мың теңге, аммофос – 350 мың теңгеге жетті.

-жер ылғалдылығын келтіру мәселесінде су тапшылығы және арық атыздардың жөндеу жұмыстары кеш басталады. Өйткені, су шаруашылық мекемелерінің жұмыс кестесі диқандардың талабына сай келмейді;

-тыңайтқыштар дер кезінде болмайды, өйткені наурыз-мамыр кезеңінде қаржыландырудың басталуына байланысты отандық өндірістің минералдық тыңайтқыштарын (азот, фосфат) жеткізу кезінде осы айларда дүрлікпе басталады, ал күзгі-қысқы кезеңде тапсырыстар іс жүзінде болмайды.»

Аталғанның негізінде Үкіметтен тиісті орындаушы органдарға тапсырма беріліп, оның келесі жұмыстардың орындалуын қамтамасыз етуді сұрадық:

1. Көктемгі дала жұмыстарын қаржыландыру мерзімін қаңтар-ақпан айында бастау.

2. "ҚазСу шаруашылығы" келісім-шартта көрсеткен өз міндеттерін кесте бойынша орындау және жауапкершілік алу.

3. Кесте бойынша жанар-жағар маймен қамтамасыз ету.

4. Тыңайтқыштардың қорын құрып, қауіпсіз сақталуын қамтамасыз етіп, кестеге сәйкес таратып беру.

Алайда, аталған мәселелер өз шешімін тапқан жоқ. Оны, ағымдағы жылғы 12-20 мамыр аралығындағы өңірлерге іс-сапарымыз барысында өз көзімізбен көріп, тұрғындармен кездесу аясында диқандар мен шаруарлардың жылда көктемде қайталанатын қаржыландыру, ағын су, жанар-жағар май, тыңайтқыштарға қатысты шағымын естудеміз.

Яғни, Үкімет тарапынан тиісті тапсырмалар берілмеді немесе орындаушы органдармен берілген тапсырмалар орындалмады.

Өңірлердегі іс-сапардан қайтысымен аталған мәселелерді шешу үшін тиісті тапсырмаларды орындамаған тұлғаларды жауапкершілікке тарту мәселесін көтереміз!

Құдайберген ЕРЖАН,  
Қазақстан Республикасы  
Парламенті Мәжілісінің депутаты.

## ҚАНТ ҚЫЗЫЛШАСЫ ШЕТЕЛГЕ ЭКСПОРТТАЛУДА

Мақтаарал ауданы А.Қалыбеков ауылдық округінің диқандары ерте пісіп жетілетін қант қызылшасының алғашқы өнімін Ресейге экспорттады.

Ауыл диқандары Голландиядан арнайы жеткізілген павло, вадан атты қызылшаның жоғары сұрыптарын қаңтар айында 25 гектар үй іргелік жерлерге еккен болатын. А.Қалыбеков ауылдық округі Жаңажол ауылының тұрғыны Бектемір Аликұлов алғашқы болып өзінің үй іргесіндегі 15 сотық жерден бірінші үзімнің өзінде-ақ 1,5 тонна өнім алып үлгерді. Шаруаның гектарына шаққанда 300 центнерге дейін өнім алуға мүмкіндігі бар. Қазіргі таңда келісін 180 теңгеден саудалауда.



Б.Аликұлов жоғарыда аталған сорттар дәл осы Жаңажол ауылының топырағында өсіп шыққанда ғана ерекше дәмге ие болатынын, сондықтан мұнда қызылшаға жоғары сұраныс бар екенін жеткізді.

"Қызылша егілетін жер өте құнарлы болуы тиіс. Ол үшін селитра, аммофос, малдың қилары арқылы жер тыңайтылады. Агротехникалық шаралардың басым бөлігі қолдың күшімен істелетіндіктен, қызылша егу үшін қажырлы еңбек керек екені ескерілуі тиіс. Үлкен еңбектің соңы – үлкен табысқа алып келеді" - деді Б.Аликұлов.

Жалпы округ аумағында шаруалар Ресейге және еліміздің Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды қалаларына өнімдерін жөнелтуде. Қант қызылшасын толық жинап алған соң, диқандар екінші өнімге мал азықтық дақылдарды егуді жоспарлап отыр.

Д.АЯЗБЕКОВ.

Мақтаарал ауылдық округіне қарасты Азаттық ауылында жаңа мешіт ел игілігіне берілді.

## "АЗАТТЫҚ" МЕШІТІ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ БЕРІЛДІ

Облыстың бас имамы Еркебұлан Қарақұлов, ауданның бас имамы Нұржан Мұсабеков, округтің әкімі Ербол Тұрғанбаевтар құлшылық ордасының ашылу рәсіміне қатысып, бұған дейін мешіті болмаған ауыл тұрғындарын жаңа нысанның ашылуымен құттықтады.



Сәулеттік құрылысы айрықша мешіт тек мінәжат мекені ғана емес, ауданға кіреберісте орналасқан Азаттық ауылының көрікті орындарының біріне айналып отыр. Жаңа мешіттің жалпы көлемі 256 шаршы метрді, биіктігі 8 метрді құрайды. Бір мезетте 200-ден астам адам намаз оқи алады. Сондай-ақ, ауыл имамының қызметтік кабинеті, асхана, әжетхана т.б. қызметтік орындары бар.

"Ақ алтынды" Мырзашөл өңірі - қасиетті дініміз бен дәстүріміз берік сақталған киелі мекен. Осындай өлкеде мешіттердің көптеп ашылуы – бүгінгі ұрпаққа рухани тәрбие. Өйткені, бұған дейін мешіті болмаған ауыл тұрғындарының тілегі орындалды. Қасиетті орын халық жадына ізгілік нұрын сеплек. Мешіт елді рухани байытып, отаншылдыққа үндейді" - деді облыстың бас имамы Е.Қарақұлов.

Айта кетейік, асыл дініміздің өркендеуі үшін мешіт салған жеке кәсіпкер Бауыржан Абдубайытовтың игі ісі көпке өнеге болмақ. Жаңа нысанды пайдалануға берген кәсіпкерге және мешіттің ашылуына тікелей бастамашы болған округ әкімі Ербол Тұрғанбаевқа ауыл тұрғындары алғыстарын жаудырды.

## "МЕХЛИ ҚАЖЫ АТА" МЕШІТІ АШЫЛДЫ

Мақтаарал ауылдық округіне қарасты Елқоныс ауылында "Мехли қажы ата" мешіті пайдалануға берілді.

Облыстың бас имамы Еркебұлан Қарақұлов, Сарыағаш қаласынан келген ұстаз Абду-Жаппар Сманов, Алматы қаласының Наиб-имамы Бекзат Сыздықовтар нысанның ашылуы рәсіміне қатысып, ауыл жұртшылығын құттықтады. Сондай-ақ, іс-шараға ауданның мәслихат депутаттары, ауданның ардегерлері және ауыл тұрғындары қатысты.



"Күні кеше дәл осы округте "Азаттық" мешіті пайдалануға берілсе, міне, енді "Мехли ата қажы" мешітінің тұсауын кесіп отырмыз. Әрине, қазақтылықтың қаймағы бұзылмаған, дін мен дәстүріміз берік сақталған Мырзашөл өңірінде жомарт кәсіпкерлер өте көп. Осындай өлкеде мешіттердің көптеп ашылуы – бүгінгі ұрпаққа рухани тәрбие. Өйткені, бұған дейін мешіті болмаған ауыл тұрғындарының тілегі орындалды. Жаңа мешіт еліміздегі бірлік пен келісімді сақтауға, жастарды тәрбиелеуге өз үлесін қосатынына сенімдімін!" - деді облыстың бас имамы Е.Қарақұлов.

Сәулеттік келбеті келіскен жаңа мешіттің жалпы көлемі 180 шаршы метрді, биіктігі 10 метрді құрайды. Бір мезетте 300 адам намаз оқи алады. Сондай-ақ, ауыл имамының қызметтік кабинеті, асхана, дәрсіхана т.б. қызметтік орындары бар. Келушілерге қолайлы болу үшін ғимараттың айналасындағы аумақ көгалдандырылып, гүлзарлар жасалған. Сондай-ақ, автомобиль тұрағы бар.

Айта кетейік, асыл дініміздің өркендеуі үшін мешіт салған жеке кәсіпкер Зариф Нуфтуллаев бастаған топтың көпке үлгі боларлық игі істеріне жиналған көпшілік алғыс айтты.

Мақтаарал ауданы әкімінің  
баспасөз қызметі.

## ■ ОЙСАЛАР

АРИСТОФОБИЯ АУРУЫНАН  
АЙЫҒА АЛАМЫЗ БА?!

Күнделікті ауызекі қатынаста әрбір сөзге жіті мән бере бермейтіміз белгілі ғой. Содан да болар бірде «Стимул» сөзін ынталандырудың баламасы ғой деп қойып қойып қалғаным бар. Сөйтсем стимул сөзінің ең әуелгі, яғни бастапқы мағынасы ынталандырудан гөрі, ызаландыруға көбірек келіңкірейді екен. Мұны латын тілінен тікелей қотарғанда stimulus деген сөз – кәдімгі мал айдайтын үшкір таяқ, пілді піскілеп жүргізетін, испандықтардың қызыға тамашалайтын коррида ойынында асау бұқаны одан сайын ызаландырып, шабынан түртпектейтін таяқтың өзі болып шығады екен. Естімеген елде көп емес пе дейсің де қоясың. Жадымда сақталып қалған шаптан түрту деген шықыртқы сөзді әрі ойлап, бері ойлап осы бір дүниені қозғағалы отырған бүгінгі тақырыбымыздың керемет тұздығы болар-ау, сәрі деген байламға келдім. Олай дейтінім осы бір шаптан түртудің шатағымен мәнзәлдес көріністер дәл бүгінгі әлеуметтік желінің бетін бермей тұрған жоқ па?! Қазіргі күнделікті қарбаласқа толы күйкі тіршілікте бас-көз жоқ, қыздырмалатып сөйлеп, қытыққа тиюден қырғын ләззат алатын «белсенділердің» тобы пайда болды. Ең қорқыныштысы, солардың қолындағы әлгі үшкір таяқ (әлеуметтік желідегі бөлду-батпағы мен қою-қойыртпақ сандырақтарды айтам) неғұрлым жоғары көтерілген сайын «жуандауда». Әрбір мәрте сілтенген сайын сойылға айналып бара жатқандай көрінеді маған.

Тап қазіргі күні тұлғаға топырақ шашқан адамды, игі жақсының жағасына жармасқанды құдды бір батырға балаймыз. Жата көп қолпаштаймыз. Бұл тұрмысымызға сиясы кеппеген жаңаша сипатталған сәннің салтанат құрғандығының шынайы көрінісі. «Таз ашуын тырнадан алады» демекші, айтар арыздарының мекенжайын шатастырып алған олардың зиялы қауым өкілдеріне де жөн-жосықсыз төте майдан ашуын қалай десек те жақсылықтың нышаны дей алмаспыз анық. Әрине, қолана қалам ұстағанның барлығын классик деуден аулақпыз. Мәселен, ұлт зиялылары деп жүргендеріміздің арасында ұлты үшін емес, ұрты үшін күнелтіп жүргендер де жетерлік. Бірақ солармен бірге қосақ арасында тәп-тәуір тұлғаларымыз да кетіп қалып жатқан жоқ па?! Әйтпесе өз екенді жалпақ жұрттың алдына алып шығып бетін шиедей етіп тілгілегеннен, жақсы әкесін бере ме басқа бала?! Бір жағынан біз кей-кейде көпе-керенеу тапа-тал түсте таланттыны тартып, талап жатқан сол топқа көп сөзімізді көпіртіп, шығын етуіміз де қате сияқты боп көрінетіні бар. Хакім Абайдың өзі бетін бері қарата алмай күйе жаққыштарға талай-талай күйзелгені, марқұм Әбіш аға Кекілбаевтың өзі кемел болмысы мен келісті сөзге, уәжге, жөнге сала алмай қынжылғаны біразымызға белгілі емес пе?! Мұның қайсыбірін жіпке тағып тізбелей бересің...

Өздеріне қарата оқ болып атылғандай небір ауыр сөздерді, айып қылып таққан жағымсыз жөн-жосықсыз, жүйесіз жаланы қабырғаларын қайыстырмай, мойымай, үндемей ғана көтеріп кете барғанына қалайша таң қаласың?! Мұны бір естелігінде Әбіш аға былай деп ашына айтып, жеріне жеткізе жазып кеткен екен. «Естіяр зиялы қауымның соңына қиқу түспеген кезең болған емес. Көрінгенге күл шашар күйкілікке қайта ұрынуға өсте болмайды. Өтпелі кезең мәселелерінде әртүрлі көзқараста болып, әртүрлі бағыт ұстанғандарымыз үшін де арамызға қайтадан ала жіп керудің соншалықты қажеті жоқ еді. Жағадан алып, жармаса кететін әуірім жаңашылдық пен тобықтан тебе қағып, тірсектен шалып бағатын тәсілқой ескішілдік тайталас – тек аталған ұрпақтардың емес, күллі ұлттың арылмас сорына айналуы ғажап емес. Ал әуелден елдік дегеннің мәні өзінді неге қимасаң, өзін тектес өзгені де соған қимау. Дәл мынадай заманда өзінді ойламау – обал. Өзінді ғана ойлау – күнә... Елдік болу үшін жүйесін тапқан жүйелі сөзге тоқтай білер жоралы жұрт керек. Жұртты тоқтата алатын өнегелі сөз керек. Көш бағытын түзейтін көсем пікір керек» дейді кемеңгер Кекілбаев көкеміз. Ал біз ше? Біз байғұс әлі күнге дейін бір көбісті бір көбіске сұғудан әрі аспай сол баяғы өгізаяңменен, сылбыр кейпімізден бірде аумай аяндаумен келеміз.

Бұндай құқайдың бірер парасын Әбіш ағасының ізінен ізетпен ере шыққан мұраттас інісі Рахымжан Отарбаевтың көргені бар. Аз көрмеді. Көзі қарақты қауымның зер сала ізденуі Раханның естелік жазбаларына келіп тіреледі. Рахаттана оқисыз, зор әсерге бөленесіз. Драматург-жазушының көңіл көкжиегіндегі күнделігіндегі кей мысалдар құдды бір бүгін жазылғандай боп көрінетініне еріксіз таң қаласың. Терең күрсенесің. Терең ойға шомасың. «Біреу итін өтірік айтақтар, әбден ығыр етсе керек. Қойына қасқыр шауып, итін қанша айтақтаса да аттап баспайтын көрінеді. Сонда әлгі пақырыңыз: - «Олла била айтақ»,- деп жыларман боп жан ұшыра айқайлайды. Айтақ көбейген заман ғой. Қайсысына шаба бересің?» депті ойы ордалы Отарбаев. Жарықтықтың тағы бір жазбасында: «Алдыңнан күліп шығатын адамы, үріп шығатын иті жоқ ауылды көрдім» дегеніне сүйене отырып, осы күні алдыңнан иті ғана емес, адамы да арсылдап қосарлана үріп шығатын, қос үйді қатар қондырмайтын ауылдардың пайда болғанын да көріп жүрміз. Біліп те жүрміз.

Бұл ауыл әйгілі Қасым Аманжолов айтқандай, «Заманның жеңіл ауыз джентельмендері» жиналған әлеуметтік желінің әулекі ауылы. Осы тұста ойыма ақиық ақын Серік Ақсұңқарұлының мына бір тәмсілі ойыма сап ете орала кетпесі бар ма.

Әлеуметтік желінің байлаулы басыбайлы бұзауындай болғандарға бастыра айтылғаны-ау шамасы ақынның...

Қабырғалы қаламгер ілгі жөлідегі «данышпандарды» Хосе Ортега-и-Гассеттің «Тобырдың төңкерісі» (Восстание масс) деген еңбегін мысалға келтіре отырып: «Ұлттың сорпа бетіне шығарын жек көріп, ел-жұртын өрге шығарған ірі-ірі кесек ойлы кемеңгер де көсем тұлғаларын елемей, көпе-көрінеу кемсітіп, қатарынан озып туған ұл-қыздарын ел-жұрт болып өнеге тұтпаған халық – аристофобия деген айықпас ауруға шалдығады. Бұлар осы бір жаһанды жайлаған, індеттің, дауасыз дерттің құрбандары» деп шорт кесіп айтады. Бәріміз де, тіпті күллі адамзат атаулының бәрі де осы бір аурудың алапат зиян әкелетінін түсінетін, білетін сияқты. Тіпті, мұхиттың арғы бетінде отырып, «Саусағың 10 тонна болса да, лайфты бас» деп бұйыра сөйлеуін әр кісі әрқилы қабылдайды. Біз сияқты алдыңғы толқын жастарымызға айтарымыз: «Елдің ауызбірлігі, заманның тыныштығы, халықтың тоқтығы мен аман-саулығы. Сырқат қоғамды сауықтыруға септігімізді тигізейік. Бұл біздің қоғам алдындағы, ел алдындағы борышымыз».

Өңгімеіздің кульминациялықнүктесін Ғабит Мүсіреповтің нақылымен түйіндеуді жөн көрдім. Кесек ойлы жазушының «Қай халықтың болса да мәдениетін, көркем сөз, көркеменерін жоғары көтеріп, жалындатып жіберуге жүз талант көптік, он талант аздық етпей ме?» деген аксиомасы әрбіріміздің санамызға сәуле нұрын сеуіп, саңлау тауып жатса құба-құл.

Жеңіс СЕРІКБАЙҰЛЫ,  
Мақтаарал ауданының Құрметті азаматы,  
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері,  
еңбек ардагері.

## ■ ЭДЕБИ КЕШ

Балалар өлемі қызық та жұмбақ өлем. Олар үнемі таңғажайыптарды сүйеді, өздерін сол өлемнің бір бөлігі санайды. Балаларға қажетті дүниені санасына сіңіру үшін қияли тұрғыдан балалар өлемін сезіне отырып, жеткізе білу – ұлы өнер. Жазушы Т.Нұрмағанбетов «Балаларға кез келген жазушы, ақын шығарма жаза алмайды. Балалар әдебиетінің өзінің қиындықтары бар. Балаға еңгіме жазу үшін бала болып жазуың керек. Олар нашар дүниені қабылдамайды. Оларды алдай алмайсың», - деген екен.

БАЛА ДЕСЕМ  
КЕУДЕМЕ ЖЫР ТҰНАДЫ...

Сондай баламен бала болып жазатын балалар ақыны, балалар әдебиетінің анасы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, халықаралық жазушылар одағының мүшесі, қазақ ұлттық әдет-ғұрып, салт-дәстүр академиясының профессоры, жерлесіміз, қажы ана Жақсыгүл Шәріпханқызы Қалжанова.

Өмірімнің бүршіктерін мен өзіңнен бастадым,

Сұңқар болып, тұлпар болып елден озып аспадым.

Алақаның адалдығым, асып-тасар мінез жоқ,

Бір қызыңмын, төсегім жер, көрпем болған аспаның,-

деп, адалдықтың арқасында еңбегімен еленіп, абыройға бөленіп жүрген ақын апамыз, сазгер апамыз, «Бейбітшілік өлемі» қорының «Алтын медалінің» лауреаты, балалар ақыны Жақсыгүл апамен Мақтаарал аудандық орталық балалар кітапханасының кітапханашылары облыстық Ы.Алтынсарин атындағы балалар кітапханасында Шымкент қаласының № 66, 69 жалпы орта мектептерінің оқушыларымен кездесу кешін өткізді.

Кештің басты мақсаты: Мақтааралдан түлеп ұшқан, алыста жүрсе



де Ата жұртының амандығын тілеп, ауылының абыройын асқақтатып, туған жеріне, балаларға деген ыстық сезімімен жыр жазып, сұлу сөздерімен сәнді ескерткіш салдырып жүрген, бүкіл саналы ғұмырын ұрпақ тәрбиесіне арнаған балалар ақыны, сазгер апаларымен, оның шығармашылығымен қала балаларын таныстыру, өлеңдерін оқытып, өндерін шығарту болды. Ақын өлеңдерінің әрқайсысы тәрбиелік мәні зор, әдемілік-әдептілік, сыпайылық-сұлулық, бауырға деген сүйіспеншілік, тәрбиелілік, адамгершілік жайлы сыр шертеді. Қанша жыл бала тәрбиелеп, олардың ой-өрісін зерделеген тәлімгер – тәрбиеші апайымыздың өлеңдері жас оқырмандарымызды жақсылыққа жетелейді. Кездесу барысында балалар, кітапханашылар ақынның өлеңдерін оқып, сөзін де, сазын да өзі жазған өндерін шығарды. Оқушылар ақын өлеңдерінен әдеби композиция жасаса, Шымкент қалалық оқушылар сарайының «Шаттық» театр үйірмесінің мүшелері ақын апаларының сонау Алматыдан келетінін естіп, оның «Дос іздеген Бота» шығармасынан сахналық көрініс қойды. Бұлдіршіндерге ұлттық тәрбие беруде әдебиеттердің аздығы, бала ұғымына лайық өлең, тақпақ, жаңылтпаш сияқты шығармалардың аздығы білініп тұрған заманда Жақсыгүл апай балаларға арнап жаңылтпаш жазу саласында да өз қолтаңбасын қалдырды. Балалар шара барысында ақынның жаңылтпаштарын да жаңылмай әдемілеп оқып берді.

Іздемедім атақты, сый құрметтің тағы үшін,

Өмірімді арнадым өсер ұрпақ бағы үшін, -

деп көңіл сырын ақтарған, өлкеміздің мақтанышына айналған балалар ақыны Жақсыгүлдей апамызбен біз әрдайым мақтанамыз, өнеге тұтамыз. Тек балаларға арналған 30 кітаптың, тәрбиеші-тәлімгерлерге арналған көптеген еңбектердің авторы, «Білім беру саласының үздігі», көпбалалы ана, нағыз тәрбиеші Ж.Ш.Қалжанова әлі күнге қоғамдық жұмыстардың бел ртасында жүреді. Әсіресе, қажылық сапардан оралған соң жастар арасында имандылық, адамгершілік тақырыбында жиі-жиі еңгімелер қозғайды, өнегелілікке баулиды. Туған жерінің кітапханашыларының шақыруын қабыл алып, ат терлетіп Алматыдан Шымқаланың оқырман балаларымен кездесуге келгеніне ақын апаға алғысымыз шексіз. Қазарғым, өнегелі ұрпағым деп еңбек еткен ақын-сазгерге мықты денсаулық тілей отырып, еңбектеріңізді, шығармаларыңызды, өндеріңізді өзіңіз өміріңізді арнаған ұрпақтарыңыз көделеріне жаратып, пайдалана берсін. Сізден үлгі ала берсін, балаларға береріңіз, жазарыңыз көп болсын деп тілейміз.

Гүлжар ЖАНИСОВА,  
Мақтаарал аудандық  
балалар кітапханасының меңгерушісі.

# ОТАН МЕКТЕПТЕН БАСТАЛАДЫ

**«Қолымыздан келгеннің барлығын жасаудамыз!» дей бергеннің пайдасы жоқ. Қажетті нәрсені ғана жасау керек».**

**Уинстон Черчилль**

1984 жылдың жазында аты әлемге әйгілі Ленин орденді «Мақтаарал» совхоз-техникумына республика басшысы Д.Қонаев келе қалды. Келе қалды деп отырған себебіміз, ағаштар әктелмеді, шарбақтар сырланбады, көшеге су себілмеді, жол бойындағы арамшөп шабылмады, каска киіп, қалқан ұстаған полицейлер қаптап кетпеді. Елді дүрліктірмей, ешқандай ескертусіз, елеусіз келген. Бұл ұлы тұлғаның қанына сіңген қарапайымдылық қасиеті мен өзін халықтан жоғары қоймайтын көрегендігінің бір көрінісі еді. Сонымен, қонақтар мінген көліктер кеңшар кеңсесінің алдына келіп тоқтады. Қонаевтың төбесі көрінді. Қасында облыс басшылары Асанбай Асқаров пен Жамалбек Шаймерденов бар. Бар-жоғы отыз шақты адам «П» әрпі сияқты тізіліп тұра қалып, қонақтарды қарсы алдық. Мен ол кезде кеңшардың жас бас маманы едім, Д. Қонаевқа қол созым жерден қарап тұрдым. Мәртебелі қонақ жайдары жүзбен жиналғандардың хал-жағдайын сұрап тұрды да: «Совхоз директоры қайда?» деді. Совхоз директоры Қосай Ибрагимов аласа бойлы, алпысты алқымдап қалған, аса сабырлы ақсары кісі еді. Ол «менмін» дегендей ишарат білдіріп, жарты қадам алға озды. Қонаев оған жақындап келіп, қанша айтқанмен тау тұлғалы биік адам ғой, басын еңкейткізгіреп, «мектеп бар ма?» деп сұрады. Мына сұрақтан менің көңілім құлазып кетті. «Мақтаң қалай? Шаруаң қалай?» деп сұраудың орнына, қайдағы бір мектепті сұрап тұрғаны несі?» деп ойладым. Директор асықпай, салмақты баяу үнімен «совхозда сегіз мектеп бар. Оқушыларға барлық жағдай жасалған. Совхоз тарапынан көмек көрсетіп тұрамыз» деп қысқа

қайырды. Қонаев алған жауабына қанағаттанды ғой деймін, көз жанарынан мейірім шуақтары шашылып, директордың қолтығынан алып, көлігіне отырғызып жүріп кетті. Кейін білдік, республика басшысы кеңшардың бір-екі мақта плантацияларын аралап, Шардараға шұғыл аттанып кетіпті. Қайраткер Қонаевтың сондағы «мектеп бар ма?» деген жалғыз ауыз сұрағы арадан қырық жылға жуық уақыт өтсе де мені қайран қалдырып келеді. Бұл ұлт болашағы – ұрпақ қамын ойлаған ұлы тұлғаның ұқыптылығы екен ғой. Осыдан кейін Қонаевты кемеңгер демей көріңіз!

Тәуелсіздікпен бірге ере келген жоқтық пен жаппай жабайы сауда, алдап-арбау, аласапыран білім беру саласының бел омыртқасын үзіп жібере жаздады. Ең көп зардап шегіп, зәбір көрген сол салаңыз әлі күнге жорға жүрісінен жаңылып, төрт аяғын тең баса алмай теңселіп келеді. Әңгімемізді әріректен бастайық.

Бір өкенің баласы қисық-қыңыр, о жар, басбұзар болып өсіпті. Күйініп, күйзелген әке баласына әсер етер деген ойменен, әрбір оғаш қылығы мен нашар ісі үшін есік алдындағы ағашқа бір шеге қағып қойып отырыпты. Біраз жылдан соң ағашқа шеге қағатын орын қалмапты. Балаға бұл тәсіл әсер етсе керек, есі кіріп, ақыл қонып түзеле бастапты. Енді әке баласының әрбір көркем мінезі мен жақсы ісі үшін бір шегені суырып тастап отырыпты. Ең соңғы шеге суырылатын сәт келгенде бала «шеге жұлынып таусылғанымен, орындары үңірейіп тұр ғой» деп еңіреп жылап жіберіпті. Сол айтпақшы, азды-көпті жетістіктеріміздің барына шүбә келтірмейміз, бірақ, озығымызды он орап кететін олқылықтардың орны үңірейіп, келеңсіздік пен кемшіліктеріміз кеңірдектен келеді. Билік бүгінде ағынан жарылып, ақтарылып ақиқатты айта бастады. «Ішінде дәнегі жоқ жаңақ жарылғанда ұятқа қалады» деген емес пе, қанша жерден

көзбояушылықпен жасырып, жапқанымен шындық шіркін бір күні өтіріктің бетін шиқандай етеді. Қараңыз, Қазақстанда 260 мың оқушыға орын тапшылығы бар екен. Мақтанып-мақтанып масқара болыпты. Мектеп проблемасы дегеніңіз көзге түгел көрінбейтін айсберг сияқты. Бізде бәрі жақсы деп көбік сөзге көміліп, көкітін шенеуніктер ұрпақ қамын ойлауды ұмытып кеткен бе деп жүргенде Мемлекет басшысы жағдайды тез түсініп, жедел жоспар құрып, бағдарлама түзіп, таяу жылдарда 1000 мектеп салуды қолға алуды тапсырды. Олар енді осыған қаражат қарастырып, ырғалып-жырғалып жүргенде оқушыларға орын тапшылығы миллионның үстіне шығып кетпесіне кім кепілдік береді? Масқараның көкесі сонда болады. Жыртығымызды жамап, үш ауысымды мектептерден құтыла алмай жүргенде бұл жығылғанға жұдырық болмай ма?

Ұлтымыздың болашағына қатысы бар кез келген іске биік патриоттық сезіммен келуге биліктің «балалық аурулары» мүмкіндік бермеді. Мектеп проблемасы қатардағы қойыртпағы көп мәселелердің бірі емес, ұлттың қауіпсіздігіне тікелей қатысы бар мәселе. Отан мектептен басталады. Мектебі мықтының – Отаны күшті, айбыны асқақ.

Қазақтың ұлы перзенті Шоқан Уәлиханов ұлттың өсіп-өрбуіне екі жағдай қажет деп еді. Онысы – азаттық пен білім болатын. Құдайға шүкір, азаттыққа қолымыз жетті, ал, білім саласы еліктеушілік реформалардан көз ашпай, тар жол, тайғақ кешумен келеді. Қайраткер Қонаевтың «мектеп бар ма?» деген сұрағы біздің билікті ойландырып, ең бірінші кезекте күн тәртібінің төрінде тұруы керек. Мықты мемлекет боламыз десек, мектебімізді түзейік!

**Махамбет САПАРМҰРАТОВ,**  
ҚР Білім беру ісінің құрметті қызметкері,  
ақын-журналист.

## СУҒА ТҮСКЕНДЕ САҚ БОЛАЙЫҚ!

Түркістан облысы адами әлеуметті дамыту басқармасының, Мақтаарал ауданы адами әлеуметті дамыту бөлімінің №9 жалпы орта мектебінде жоспарға сай "Суға түссең абайла, сақтық керек қалайда" тақырыбында іс-шара болып өтті.

Оны Мақтаарал ауданы ТЖБ инженері, азаматтық қорғау аға лейтенанты Дархан Жумашев пен 7а сынып жетекшісі Нұрсұлтан Байрахановтар көрнекі құралдарды пайдалана отырып жүргізді.

Бұл шараның мақсаты - оқушыларға су туралы жалпы мағлұмат беру, оларды судың қандай күйде болатынымен таныстыру, практикалық жұмыс барысында оларды бақылау, талдау, салыстыру және қорытынды шығара білуге үйрету. Сонымен бірге судың адам өміріндегі алатын маңызы туралы жалпы мағлұмат бере отырып, суды қорғауға тәрбиелеу. Оқушылардың сөздік қорын дамытуға, өз ойларын еркін жеткізу беруге дағдыландыру болды.

Іс-шара барысында оқушылар жылдың әсіресе жаз мезгілінде су көздерінде өздерін қалай ұстау керектігін, қай жерлерде шомылуға болмайтынын және төтенше жағдай туындағанда өздерін қалай ұстау қажеттігін үйренді. Сондай-ақ олар осы азаматтық қорғау аға лейтенанты Дархан Жумашевқа осы тақырыпқа қатысты өздерін қызықтырған сауалдарын қойды.

Құрметті ата-аналар! Балалардың заңды өкілдері Естеріңізге саламыз. Бала өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін негізгі жауапкершілік сізге жүктеледі. Күн сайын балаңызға жол ережелері туралы ескертіңіз:

Ересектерсіз жолға шығуға болмайды, егер ересек адаммен бірге келе жатсаңыз қолыңызды босатпаңыз, тротуардан шықпаңыз. Көшеде жай қадаммен, асықпай тротуардың оң жағымен жүру керек. Жолдан өтер кезде жаяу жүргіншілер тротуарынан бағдаршамның жасыл сигналына барлық көліктердің тоқтағанына көз жеткізіңіз. Жүріс бөлігі тек көлік құралдарына арналған. Қоғамдық көлікте қолыңызды немесе қандай да бір заттарды терезеден шығаруға болмайды.

Табиғатқа шыққан кезде мынаны есте сақтаңыз: Жазғы уақыттағы жорықтар, серуендер мен экскурсиялар кезінде балалардың шомылуына шырмауықтан, балдырлардан және тұнбадан таза, таяз ыңғайлы жер таңдалуы керек. Су айдындарына ересектер тарапынан қараусыз балаларды жіберуге болмайды. Шомылып жатқан баланы үздіксіз бақылау керек. Шомылу кезінде балалардың суға секіруіне және қоршау таяныштарынан немесе жағадан суға сүңгуіне тыйым салу қажет. Балалардың суда ойнауына жол бермеу керек.

Егер сіз балалармен қонаққа барсаңыз немесе қонақтар келген болса: Сіздің балаңыз әрқашан ересектердің назарында болуы керек. Балаларға арналған ойын алаңын зерттеңіз, бұл орынды қауіпті заттардан (өткір, кескіш, сіріңке, тоққа қосылған заттар және т. б. босатыңыз.). Балалар ас үйде, ыстық қазандықтардың жанында, ашық терезелер мен балкондардың жанында ойнап жүрмегеніне көз жеткізіңіз. Егер балалардың ойын алаңы жолдың жүру бөлігіне жақын болса, балаларға өте мұқият болыңыздар.

**Ерғали АКУЛОВ,**  
**Ермахан ЕСБОЛОВ,**  
№9 жалпы орта мектеп директорының  
тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары.

### ТҮЗЕТУ

Аудандық «Мақтаарал» газетінің 2022 жылғы №21 (9146) 14 мамыр күнгі санында кезекшінің кінәсінен газеттің шығу мерзімі «2021 жыл» деп қате жазылып кеткен. Оқырмандардан кешірім сұрай отырып, оны «2022 жыл» деп түзетіп оқуларын сұраймыз.

**Қ.Жандарбеков атындағы Жетісай драма театрының репертуары тағы бір тың туындымен толықты. ҚР мәдениет қайраткері, театр директоры Б.Сраилов бастаған ұжым осы театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі Ө.Пістебектің «Қынсыз қылыш Құрманбек» атты драмасының тұсауын кесті.**

## ҚҰРМАНБЕКТИҢ МӘЛІМ ДЕ БЕЙМӘЛІМ ҚЫРЛАРЫН КӨРСЕТТІ

Халықаралық театр фестивалдерінің лауреаты Т.Ахметтің режиссерлығымен көрермендерге жол тартқан «Қынсыз қылыш Құрманбек» драмасында белгілі өнер тарланы, ұлы актер, талантты режиссер Құрманбек Жандарбековтің өнер жолында көрген қиындықтары, қуанышы мен қайғысы суреттеледі.



Театр өртістері сталиндік зұлмат заманында өмір сүрсе де ардан аттамаған, 1936 жылы Қазақстанның халық өртісі атанып, еселі еңбегі үшін Ленин, «Еңбек Қызыл Ту», «Құрмет белгісі» ордендерімен марапатталып, үлкен театрларды басқарса да өн бойынан адамгершілігін, қарапайымдылығын, ізгілігін жоғалтпаған Құрманбек Жандарбековтің жарқын бейнесін көрермендерге шынайы жеткізе білді.

**Түркістан облыстық өңірлік коммуникациялар қызметі.**

# ПОЭЗИЯ КӨГІНДЕ ЖАРҚЫРАҒАН ЖҰЛДЫЗ

## ҚОСЖАН МҮСІРЕПОВТИҢ ЕСКЕРТКІШ-БЬЮСТИ АШЫЛДЫ

Қазақ поэзиясында артына өшпес із қалдырған дарынды ақын Қосжан Мүсірепов бар-жоғы 35-ақ жыл ғұмыр кешіп, жарық жұлдыздай ағып өткен тума талант. Лирик ақын қандай тақырыпқа қалам тартса да жанымен, жүрек жүрек қанымен жазған.

Бүгінде Қосжанның өмірін жалындаған жырлары жалғастырып келеді. Биыл қазақ әдебиетінің шоқ жұлдыздарының бірі – Қосжан ақынның туғанына 90 жыл толып отыр. Осы мерейтойға орай өткен сенбі күні Мырзакенттегі жаңа мөлтекауданда орналасқан 1200 орынды Қосжан Мүсірепов атындағы орта мектепте ақынның мерейлі мерекесі салтанатпен аталып өтті.

Таңертең заманауи үлгідегі үш қабатты мектеп алдында талантты ақын Қосжан Мүсіреповтің ескерткіш-бюсті ашылды (2020 жылы тасқын су басқан Жеңіс ауылындағы ақын есімін иеленген мектеп жақында осында көшірілді. Ескерткіш-бюсті де қайта жаңартылды).

Жиынды ашып, сөз сөйлеген Мақтаарал ауданының әкімі Бақыт Асанов сыршыл өлеңдерімен оқырмандарын баурап, туған елін ерекше махаббатпен сүйген ақын Қосжан Мүсіреповтің есімі ешқашан ұмытылмақ емес деді. Мерекелік іс-шараға Елордадан арнайы келген мемлекет және қоғам қайраткері, белгілі публицист-қаламгер, тұңғыш қазақ тілінде жазылған «Халықтың көші-қоны туралы» Заңының авторы, қосжантанушы Әкім Ысқақ сөзге шығып, зор талант иесі Қосжан ақынның өмірі мен шығармашылығы туралы кеңінен толғана әңгімеледі.

– Мен бала кезімнен Қосжанның поэзиясымен сусындап өстім. Есейе келе жаны сұлу ақынның жырларынан көркем дүниені, рухани сұлулықты, туған жерге деген терең сүйіспеншілікті айқын аңғардым. Аудандық газеттің редакторлығын тастап, 23 жасында білім іздеп Алматыға келген арманшыл жігіт он екі жыл



бойы төсек тартып жатса да, өшпейтін жырлар жазды. Мен өмірімнің 34 жылын осындай дарынды ақынға арнадым. Өткен жылы көп жылғы зерттеу, ізденісімнің нәтижесінде «Менің Қосжаным» деген күнделік-эссе форматында жазылған кітабым оқырманға жол тартты. Қосжан ағаның талантын Тұманбай Молдағалиев, Мұқағали Мақатаевтардың мойындауы бекер емес. Төлеген Айбергенов Қосжан ағаны өзі іздеп барып, өлеңдерін көрсеткен. Менің Қосжаным – жүрегінен жыр ескен, тілегіне гүл өскен, табиғи таланты мен талмас талабын ұштай білген, шыншыл да сыршыл, ғажайып жан!-деді Әкім Ысқақ.

– Ескерткіш-бюстің ашылу салтанатында Жетісай аудандық қоғамдық кеңестің төрағасы, Түркістан облысының Құрметті азаматы Тойым Жүнісов ақынның екінші құнды өмірін өшірмей, жалғап жатқан Әкім Ысқаққа елдің атынан алғыс айтты. Жиында еңбек ардагерлері Р.Төлемісова, Қ.Хаметов, Ш.Құрбанбаева, Ө.Байдуллаев, Б.Жаңбырбаевтар да сөз сөйлеп, Қосжан ақынның артында мол мұрасы – өлеңдері қалды, оның жүректі жарып шыққан сөздері қалды, сондықтан Қосжан

өлемі мәңгілік жасай береді деген тілектерін айтты.

Бұдан соң мектептің акт залында жазушы, ақын-сазгер Әкім Ысқақтың «Менің Қосжаным» атты кітабының тұсаукесері өтті. Онда еңбек ардагері Тойым Жүнісов, облыстық «Оңтүстік Қазақстан» газетінің бөлім меңгерушісі, сатирик ақын, жазушы, драматург Сабырбек Олжабай, Мақтаарал, Жетісай аудандарының Құрметті азаматы, ақын, журналист Пердеш Есенбеков, Халықаралық Алаш сыйлығының лауреаты, Қаламгер Әлібек Тұрлыбаев және Ордабасы ауданындағы Қ.Мүсірепов атындағы әдеби бірлестіктің мүшесі, республикалық «Шұғыла» газетінің бас редакторы Базаркүл Қалбырова т.б. кітапқа жоғары баға берді.

Сондай-ақ, ақынның перзенттері Қанат пен Жанат, кенже інісі Абай тебірене сөз қозғап, қаламгерге өз алғыс-тілектерін жеткізді. Осыдан кейін мектеп сахнасында ақын Қ.Мүсіреповтің шығармашылығына арналып әдеби-сазды кеш өтті.

Сонымен бірге, ақын рухына арналып ас берілді, құран бағышталды. Ақынның інісі, осы мектептің бас демеушісі, кәсіпкер Сырым Жүсіпов ақын рухына тағзым жасаған барша азаматтарға алғысын айтты. Аталмыш мектеп директоры Өсербек Қыдырбаев: «Сырым ағаның бауырмалдығына ризамыз. Қашан көрсең «Қосжан көкем» деп жан жүрегі езіліп тұрады. Өмірден жастай кеткен ағасын ұмытпай жыл сайын құран оқытып, ас береді. Ағасына ескерткіш орнатты. Үлкен мектепке атын бергізді. Міне, нағыз бауыр, нағыз азамат!» деді.

«Жақсының аты өлмейді» дейді халқымыз. Елді талантымен тамсандырған ақынның есімі жүрегімізде мәңгілік сақталады.

Сәбит ҚАЛДЫБАЕВ,  
Суреттерді түсірген: Жұмабек ТӨРЕБЕКОВ.

Вирустың резервуары болып кене тасмалдаушы болып табылады, Нyaломта туыстастығынан шыққан. Ауру көбінесе маусымдық мезілдерге байланысты, әсіресе мамыр және тамыз айларында көп кездеседі.

## КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОМОРРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫ АУРУЫНАН САҚ БОЛАЙЫҚ

Инфекция көзі болып көбінесе кененің шаққан жері яғни тері немесе майда жарақаттар кезінде ауру адаммен қарым қатынас кезінде қан арқылы беріледі (аурухана ішілік жұқтыру). Инфекциямен зақымдалған жерде ешқандай өзгерістер байқалмайды. Вирус қанға өтеді және ретикулосдотелиальды жүйенің клеткаларында жинақталады. Екіншілік зақымдалу кезінде айқын массивті вирустармен жалпылама интоксикация белгілері байқалады, қантамырлардың эндотелилері зақымдалады және айқын әртүрлі дәрежедегі тромбозгеоморрагиялық синдром байқалады.

### Науқас адамның көзіндегі өзгерістер

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының асқынулары — сепсис, өкпенің ісінуі, ошақты пневмония, созылмалы бүйрек жеткіліксіздігі, отит, тромбозгеоморрагиялық болуы мүмкін.

Конго-Қырым геморрагиялық қызбасының белгілері және ағымы

Инкубационды кезеңнің ұзақтығы 1 және 14 күн аралығында (жиі 2-7 күн). Продромальды көріністер болмайды. Ауру байқаусызда басталуы мүмкін, ауру деп аурудың басталған бастапқы алғашқы сағаттарынан басталаған айтуға болады. Дене температурасы тез көтеріледі және кей кезде аурудың жеңіл түрінде дене температурасы 39-40°C барады. Бастапқы кезеңдерінің өзінде жалпылама интоксикация белгілерін көруге болады, көптеген инфекциялық ауруларда болуы мүмкін.

Е.БАЙТЕЛИЕВ,

Мақтаарал аудандық санитариялық-эпидемиологиялық  
бақылау басқармасының бас маманы.

## ӨМІРІМ МЕНІҢ ПОЭМА

Біздің кітапханамызда оқырмандарымыздың білімдері деңгейлерін арттыру мен олардың кітап әлеміне деген қызығушылықтарын арттырып отыру мақсатында тұрақты түрде түрлі тақырыптағы қызықты іс-шаралар өткізіліп тұрады. Мысалға жақында ғана «Түркістанның таңдаулы туындысы – 2022» атты рухани іс-шарасы аясында, кітапханамыздың оқырмандары арасында еліміздің танымал ақыны, өнер тарланы Әбілда Аймақтың «Өмірім менің поэма» атты өлеңін дауыстап оқудан шағын жарыс болып өтті.

Бұл шарадан кездеген басты мақсатымыз – оқырмандарымызға рухани тұрғыдан барынша қолдау көрсету, олардың қаламгердің өлең жолдарын мәнгерлеп оқып, туындыларын талдап, рухани тұрғыдан дамуына сеп болу. Жергілікті ақын-жазушылардың шығармашылығы мен көркем әдебиеттерін насихаттау. Сондай-ақ, оқырмандарымыздың кітапқа және кітапханаға деген қызығушылығын арттыру болды.

Оқырмандарымыз осы іс-шара барысында өздерінің танымал ақынның өмірі мен шығармашылығынан біршама құнды деректер келтірді. Сонымен бірге олар өңіріміздің басқа да ақын-жазушыларының шығармаларынан да қысқа үзінділерде оқып, өздерінің қаншалықты білімдер екендіктерін көрсетті.

Перизат ТҮЗЕЛОВА,  
Есентаев ауылы, ф №12 кітапханасының кітапханашысы.

Мақтаарал ауданы, Мақтаарал ауылдық округі, Өркениет елді мекенінің тұрғыны Сейдахметова Азия Ахметованың (ЖСН 620823402482) атына берілген "Күміс Алқа иегері" кітапшасы жоғалуына байланысты жарамсыз деп табылсын.

Мақтаарал ауданы, «Жаңа жол» ауылдық округі, «Өргебас» елді мекенінің тұрғыны Алимбеков Нуржан Карсыбаевичке тиесілі «DAEWOO NEXIA» автокөлігінің мем.белгісі (857 TZA 13) мен техникалық тәлкежаты (сериясы ХА., №00508662. Бер.уақ. 13.08.2015 ж.) жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

Мақтаарал ауданы, Атакент кенті, Алматы көшесі №13 үй тұрғыны Мамаева Жұлдызай Карсыбековнаға тиесілі – Мақтаарал ауданының рәсімделген жылжымайтын мүліктері жария етуді жүргізу жөніндегі комиссиясының 20.08.2007 жылғы №21-732 санды Шешімі, Кадастрлық №19-288-210-765 санды жер учаскесіне жекеменшік құқығын беретін Акті, түгендеу №017-172 санды тұрғын үйдің техникалық тәлкежаты және 2007 жылғы нөмірсіз Рақымшылық жасауға жататын құрылыс объектісін пайдалануға беру туралы қабылдау комиссиясының Актілерінің түпнұсқалары жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

## МАҚТААРАЛ

Директор – Бас редактор  
Сәбит Дүйсенбекұлы  
ҚАЛДЫБАЕВ

Ұялы байланыс: 8-702-306-29-24

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, есепке қою туралы №17705-Г куәлігі 15.05.2019 жылы берілген. (Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №17289-Г. 28.09.2018 жыл.)

## Құрылтайшы – Мақтаарал ауданы әкімдігі Меншік иесі – “Мырзашөл” Мақтаарал аудандық газеті” ЖШС

Біздің мекен-жайымыз: 160547  
Түркістан облысы, Мақтаарал ауданы,  
Мырзакент кенті, Мадиходжаев көшесі, № 9 үй.  
Байланыс тел: 8-(725-41) 2-11-93.

Нөмірдің кезекшісі: Қ.ДӘУЛЕТБАЕВ.  
Суреттерді түсірген: Ж.ТӨРЕБЕКОВ.  
Дизайнер: З.ЖИЕНБЕКҚЫЗЫ.

“Мақтааралда” жарияланған материалдарды көшіріп басқан жағдайда газетке сілтеме жасалуы міндетті.  
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.  
Авторлар қолжазбасы өңделеді және кері қайтарылмайды.

Газеттің таралу аймағы – Мақтаарал ауданы.

А – Мақаланың жариялану ақысы төленген.

Индекс: 66767.  
Шартты баспа табағы 1.  
Тапсырыс № 1280  
Таралымы – 2020

E-mail: maqtaaral\_gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.  
ЖК “PrintSap”  
баспаханасында басылды.  
Шымкент қаласы, Т.Өлімқұлов көшесі, №22.

Газет аптасына бір рет шығады